

Трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 қаңтардағы N 136 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі N 67-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен
МАЗМҰНЫ

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.05 N 67-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң халықаралық іскерлік операцияларда мемлекеттік кіріс ысырабын болдырмау үшін трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау шараларын белгілейді.

1-бап. Қазақстан Республикасының трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау жөніндегі заңдары

1. Қазақстан Республикасының трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау жөніндегі заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда қолданылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

1) бірдей тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - өздеріне тән басты белгілері: физикалық сипаттамалары, сапасы мен рыноктағы өтімі, шығарылған елі және өндірушісі бірдей тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер);

2) халықаралық іскерлік операция - тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу-сату жөніндегі экспорттық және (немесе) импорттық мәмілелер;

3) біртекті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) - бірдей болмаса да, бір-біріне ұқсас сипаттағы және ұқсас компоненттерден тұратын, мұның өзі

оларға бірдей міндеттер атқаруға және бірін-бірі алмастыруға мүмкіндік беретін тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер). Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) біртектілігін анықтау кезінде, атап айтқанда, олардың сапасы, тауар таңбасының болуы, рыноктағы өтімі, шығарылған елі ескеріледі;

4) тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасы салыстырмалы экономикалық (коммерциялық) жағдайларда бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың өзара ықпалдастығы кезінде қалыптасқан, тәуелсіз тараптар арасында тағайындалатын және (немесе) осы Заң белгілеген тәртіппен айқындалатын баға;

5) трансферттік баға - осы Заңмен белгіленген мәмілелер жасалған кезде объективті түрде қалыптасатын нарықтық бағадан өзгеше баға;

6) уәкілетті органдар - трансферттік бағаларды қолдану кезінде бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар.

3-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

1. Халықаралық іскерлік операцияларда трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі мемлекеттік бақылау (бұдан әрі - мемлекеттік бақылау) осы баптың 2-тармағында аталған мәмілелер бойынша қолданылатын бағалардың нарықтық бағалардан ауытқу фактісін анықтау және салық салу объектілеріне түзету енгізу мақсатымен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік бақылау мынадай мәмілелер бойынша:

1) өзара тәуелді немесе өзара байланысты тараптар арасында;

2) тауар алмасу (бартерлік) операциялары бойынша;

3) біртекті қарсы талаптарды (талапқа жол берген кездегі есепке алуды қоса) есепке алу жолымен жүзеге асырылатын мәмілелер бойынша міндеттемелерді орындау кезінде;

4) қаржы операцияларын жүзеге асыру кезінде заңдары ақпаратты ашу мен беруді көздемейтін шет мемлекеттерде тіркелген (тұратын) немесе оларда банк шоттары бар, не оффшорлық аймақтарды қоса, тіркелген (тұрғылықты) орны

бойынша салық салудың жеңілдікті режимі қолданылатын тұлғалармен
мәмілелер жасасу кезінде;

5) салық бойынша жеңілдіктері бар немесе салық заңдарымен белгіленген
ставкадан өздері үшін өзгеше ставка белгіленген заңды тұлғалармен мәмілелер
жасалған кезде;

б) мәмілелер жасасатын жылдың алдындағы соңғы екі салық кезеңі ішінде
салық декларацияларының деректері бойынша залал шеккен заңды тұлғалармен
мәмілелер жасасу кезінде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың 1)-6) тармақшалары қолданылмайтын халықаралық іскерлік
операциялар бойынша мемлекеттік бақылау мәміле бағасының тауардың (жұмыстың,
көрсетілген қызметтің) нарықтық бағасынан белгілі бір жағына 10
проценттен артық ауытқу фактісі анықталған жағдайда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын және осы
тармақтың 5) және 6) тармақшалары қолданылатын мәмілелер бойынша
мемлекеттік бақылау олар халықаралық іскерлік операцияларымен өзара
байланыста болған жағдайда жүзеге асырылады.

4-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

Мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының салық қызметі
органдары мен кеден органдары жүзеге асырады.

5-бап. Мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру

Мемлекеттік бақылау осы Заңда белгіленген рәсімдерді жүргізу арқылы
жүзеге асырылады.

1. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін уәкілетті органдар
трансферттік бағалар қолданылуы мүмкін мәмілелер мониторингін жүргізеді.
V 0 3 2 4 7 1

Жасалатын мәмілелеріне мониторинг жүргізілуге тиіс тауарлар (жұмыстар,
көрсетілетін қызметтер) тізбесін трансферттік бағаларды қолдану кезіндегі
бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар айқындайды.

2. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар мәмілеге
қатысушылардан және осы мәмілеге жанама қатысушы үшінші тұлғалардан
мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардан тауардың (жұмыстың,
көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасын анықтау үшін қажетті ақпарат
сұратуға құқылы.

3. Мониторинг нәтижелері бойынша уәкілетті органдар мәміле бағасының тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасынан ауытқу мәселесі бойынша тексеру жүргізеді.

Мәмілелер жасасу кезінде қолданылатын бағаларды бақылау уәкілетті органдар Қазақстан Республикасының салық және кеден заңдарының сақталу мәселелері бойынша жүргізетін тексерулер кезінде де жүзеге асырылады.

4. Мәмілелерге қатысушылардың қолданылатын бағаның экономикалық негіздемесін және аталған мәміленің бағасын растайтын тиісті құжаттарды нарықтық бағаны айқындау және осы Заңға сәйкес бағаны айқындау әдісін таңдау мақсатында уәкілетті органдарға алдын ала беруге құқығы бар.

5. Мәміле бағасының нарық бағасынан ауытқу фактісі анықталған жағдайда уәкілетті органдар салық салу объектілеріне түзету жасайды.

Салық салу объектілеріне түзету жасау негізінде осы мәмілелерден түскен кірістер немесе шығыстар және басқа да салық салу объектілері нарықтық бағаға негізделіп айқындалғандай болып есептеліп, заңды тұлғаларға табыс салығы, қосылған құнға салық, акциз (акцизделетін тауарлармен мәміле жасалған жағдайда), роялти және жер қойнауын пайдаланушылардың үстеме пайдасына салық, кеден төлемдері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес айыппұлдар мен өсім қолданыла отырып есептеледі.

6-бап. Тараптардың өзара тәуелділігін немесе өзара байланыстылығын айқындау

Өз араларындағы мәмілелердің (операциялардың) экономикалық нәтижелеріне әсер етуі мүмкін, ерекше өзара қатынастағы жеке және (немесе) заңды тұлғалар өзара тәуелді немесе өзара байланысты тараптар деп танылады.

Мұндай ерекше өзара қатынастар мына жағдайларды қамтиды:

- 1) бір тұлға екінші тұлғаның қосылма тұлғасы болып танылады;
- 2) егер қатысу үлесі 10 проценттен кем болмаса бір тұлға тікелей және (немесе) жанама түрде екінші тұлғаға (басқаруға, бақылауға, капиталға) қатысады ;
- 3) бір тұлға тікелей және (немесе) жанама түрде (басқаруға, бақылауға, капиталға) қатысатын тұлғалар және осындай әр тұлғаның капиталына тікелей және (немесе) жанама қатысу үлесі 10 проценттен кем болмайды;

4) егер шаруашылық серіктестігінің шарты бойынша қатысушы салымының мөлшері барлық салымның жалпы мөлшерінің 20 процентінен астамын құраса немесе мұндай серіктестіктің осы қатысушының пайдасына бөлінуге тиісті кірісінің үлесі серіктестіктің жалпы кірісінің 20 процентінен астамын құраса, шаруашылық серіктестігі және оның қатысушысы;

5) белгілі бір тұлға бір мезгілде қатысушысы болып табылатын және оның қатысу үлесі осындай әр серіктестіктегі қатысушылардың барлық салымдарының жалпы мөлшерінің 20 процентінен асатын екі шаруашылық серіктестігі;

6) сенімгерлік басқару құрылтайшысы және мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгер басқарушы;

7) егер белгілі бір тұлға мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі екі шарт бойынша да сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы болса, екі сенімгер басқарушы;

8) мүлікті сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгер басқарушы және пайда алушы;

9) егер ұйым капиталына қатысу үлесі 10 проценттен асатын болса, сенімгер басқарушы және сенімгерлік басқару құрылтайшысы тікелей немесе жанама қатысатын ұйым;

10) егер мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі екі шарт бойынша да сенімгерлік басқару құрылтайшысы бір тұлға болса, мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі бір шарт бойынша сенімгер басқарушы және мүлікті сенімгерлік басқару жөніндегі екінші шарт бойынша пайда алушы;

11) мүліктің меншік иесі және мүліктің меншік иесінің осы мүлікке қатысты бір немесе бірнеше құқығы (иелену, пайдалану, билік ету) берілген тұлға;

12) бір тұлға екінші тұлғаға қызмет жағдайы бойынша бағынады;

13) тұлғалар еншілес кәсіпорындар болып табылады немесе үшінші бір тұлғаның тікелей немесе жанама бақылауында болады;

14) тұлғалар неке-отбасы қатынастарында болады, не жақын туыстар немесе жекжаттар болады.

7-бап. Нарықтық бағаны анықтау тәртібі мен әдістері

1. Салық қызметі органдары нарықтық бағаны анықтау үшін мынадай әдістерді пайдаланады:

- 1) бақыланбайтын салыстырмалы баға әдісі;
- 2) "шығындарға қосу" әдісі;
- 3) кейіннен өткізу бағасы әдісі.

2. Бақыланбайтын салыстырмалы баға әдісі тиісті тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыногында бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша мәмілелер болған кезде қолданылады және сатушымен байланысы жоқ сатып алушыға салыстырмалы жағдайда сатылған бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын негізге ала отырып, нарықтық бағаны белгілейді.

Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасын анықтау кезінде осы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) өткізу кезінде бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлармен (жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен) салыстырмалы жағдайда жасасқан және (немесе) жүзеге асырылған мәмілелер бойынша баға туралы ақпарат ескеріледі.

Егер бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) рыногындағы мәмілелердің экономикалық (коммерциялық) жағдайларының айырмасы бағаға ықпал етпесе немесе осы Заңның 8-бабына сәйкес түзетілуі мүмкін болса, мұндай жағдайлар салыстырмалы деп танылады.

3. Осы баптың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған әдістер тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тиісті рыногында бірдей (олар болмаған кезде - біртекті) тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша мәмілелер болмаған жағдайда немесе осы рынокта мұндай тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) ұсыныстың болмауынан, сондай-ақ тиісті бағаны анықтау үшін ақпарат көздері болмаған не оларға қол жетпейтін болған жағдайда қолданылады.

4. "Шығындарға қосу" әдісі, бұл жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) нарықтық бағасы жұмсалған шығындар (шығыстар) мен үстеме баға сомасы ретінде анықталады. Бұл орайда тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруге (сатып алуға) және (немесе)

өткізуге жұмсалғаны расталған тікелей және жанама шығындар (шығыстар) тасымалдау, сақтау, сақтандыру жөніндегі шығындар (шығыстар) мен өзге де шығындар (шығыстар) ескеріледі. Үстеме баға қызметтің осы саласы үшін қалыптасқан орташа рентабелділік нормасын қамтамасыз ететіндей болып белгіленеді.

5. Кейіннен өткізу бағасы әдісі, бұл жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) нарықтық бағасы сатып алушының мұндай тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) кейіннен сатқандағы (қайта сатқандағы) бағасы мен қайта сатқан кезде сатып алушы шеккен, расталған шығындардың (шығыстардың) (аталған сатып алушы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушыдан сатып алғандағы баға есепке алынбай), сондай-ақ оның үстеме бағасының айырмасы ретінде анықталады. Үстеме баға қызметтің осы саласы үшін қалыптасқан орташа рентабелділік нормасын қамтамасыз ететіндей болып белгіленеді.

6. Қаржы операцияларын жүзеге асыру кезінде заңдары ақпаратты ашу мен беруді көздемейтін шет мемлекеттерде тіркелген (тұратын) немесе банк шоттары бар не тіркелген (тұрғылықты) орны бойынша салық салудың жеңілдікті режимі қолданылатын тұлғалармен жасалған мәмілелер бойынша ресми танылған ақпарат көздеріне сай келетін баға нарықтық баға деп танылады және осы негізге алына отырып салық салу объектілеріне түзету жасалады.

8-бап. Мәміле жасасу кезінде қолданылатын бағаның нарықтық бағадан ауытқу шамасына ықпал ететін жағдайлар

1. Мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу шамасын анықтау кезінде мәмілелердің мынадай жағдайлары:

1) жеткізілетін тауарлардың (мәселен, тауар партиясының көлемі), орындалатын жұмыстардың, ұсынылатын қызметтердің саны (көлемі);

2) жеткізілетін тауарлардың немесе сатып алынатын тауарлардың сапасы, бумасының, ыңғайлы орауының болуы немесе жоқтығы;

3) міндеттемелерді орындау мерзімдері;

4) әдетте мәмілелердің осы түрінде қолданылатын төлем жағдайлары, сондай-ақ бағаға ықпал етуі мүмкін өзге де жағдайлар;

5) өзара тәуелді емес тұлғалар арасында мәмілелер жасалған кезде қолданылатын дағдылы баға шегерімдері немесе бағаға үстеме ескеріледі. Атап айтқанда :

тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) тұтынушы сұранымының маусымдық ауытқуы ;

тауарлардың сапасын немесе өзге де тұтыну қасиеттерін жоғалтуы; тауарлардың жоғалтқан сапасын және/немесе өзге де тұтыну қасиеттерін ішінара жақсартуы немесе қалпына келтіруі; тауарлардың жарамдылық немесе өткізілу мерзімінің өтуі (өту күнінің жақындауы) ;

ұқсас емес жаңа тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) рынокқа келуі кезіндегі, сондай-ақ тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жаңа рыноктарға шығуы кезіндегі маркетинг саясаты; тұтынушыларды тауарлардың тәжірибелік модельдерімен және үлгілерімен таныстыру мақсатында оларды өткізу қажеттігі туғызған шегерімдер мен үстемелер ескеріледі .

2. Мәміле жасау кезінде қолданылатын бағаның осы баптың 1-тармағында аталған жағдайларға сәйкес туындаған нарықтық бағадан ауытқу шамасы салық салу объектілеріне түзету енгізуді жүзеге асыруға негіз болмайды.

9-бап. Нарықтық бағаны анықтау үшін пайдаланылатын ақпарат көздері

1. Тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) нарықтық бағасын анықтау үшін кез келген ақпарат көздері, оның ішінде:

1) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) нарықтық бағасы туралы ресми түрде танылған ақпарат көздері;

2) биржалық баға белгіленімі туралы ресми түрде танылған дерек көздері;

3) мәмілеге қатысушылар уәкілетті органдарға беретін ақпарат пайдаланылады .

2. Сыртқы сауда мәмілелері кезінде нарықтық бағаны анықтау үшін Қазақстан Республикасының заңдары халықаралық шарттар, сондай-ақ уағдаласушы мемлекеттердің уәкілетті органдарымен келісілген нарықтық бағаны анықтау әдістері қолданылады.

3. Нарықтық бағалар жөніндегі ресми ақпарат көздерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді .

10-бап. Салық қызметі органдары мен кеден органдарының өзара қатынастары

Мәмілелер жасасу кезінде нарықтық бағадан ауытқу фактісі бойынша жүргізілген тексерудің нәтижелері жөнінде тиісті кеден органы болған ауытқушылықтар туралы салық қызметі органдарын хабардар етеді және заңдарға сәйкес салықты, өсімді және айыппұлды есептеу үшін оларға тексеру материалдарын береді.

11-бап. Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау жөніндегі заңдардың бұзылғаны үшін жауаптылық

Трансферттік бағаларды қолдану кезінде мемлекеттік бақылау туралы заңдардың бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

12-бап. Уәкілетті органдардың шешімдеріне шағым жасау

Уәкілетті органдардың шешімдеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

13-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі

Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті